

Әлімбаев М.Е*., Құлтай Ж.Б., Демесинова Л.С.
филология ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов ат. атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
**АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Автор корреспондент: alimbaev45@mail.ru

Түйін: Соңғы жылдары бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, белгілі бір тілдің тарихи қалыптасу жүйесіне тікелей қатысты көне мұралар мен орта ғасырлық жазба ескерткіштердің тілдік мәліметтерін қазіргі тілдердің күнделікті қолданылып жүрген материалдарымен салыстыра зерттеу қолға алынуда. Жекелеп ыдыраған әрбір түркі тілі өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптаса бастады. Сондықтан да бұл тілдер қаншалықты өзгерістерге ұшыраса да, көне тілдің элементтерін, қалыптасуына негіз болған тілдің қасиетін бойында сақтайды. Осыған сәйкес мақаламызда осы әдісті қолдана отырып, қазақ тілінің тарихына тікелей қатысты орта ғасырлық жазба мұралардың қазіргі қазақ тілімен жалғастығын айқындап көрсетуді мақаламызға арқау етіп отырмыз.

Кілт сөздер: антропонимдер тарихы, половец есімдері, дыбыс сәйкестіктері, қыпшақ тілі, тіл тарихы.

Кіріспе. Қазіргі таңда отандық және әлемдік түркологияның зерттеу нысанына айналған антропонимдер тарихын анықтау түркі ономастикасына қосылатын сүбелі еңбек болатындағына шүбә келтіруге болмайды. Бұған дейінгі антропонимдерге қатысты зерттеулердің басым бөлігі шетелдік ғалымдардың үлесінде екендігі белгілі. Бірақ ұлттық таным, салт-дәстүр, тіл мәселесіне келгенде, отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері әлдеқайда ғылыми тұрғыдан дәлді болып шығатындығына сеніміміз мол. Өйткені орта ғасырларда өмір сүрген қыпшақтардың тікелей тілдік, ділдік мұрагері екендігі ғылымда өз бағасын алған.

Теориялық талдау. Ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің төркіндерін анықтау үшін, әуелі олардың зерттелу тарихымен танысып шығу қажет. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің мағынасы туралы алғашқы зерттеу ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі болып табылады. Аталмыш сөздікте барлығы 73 кісі есімі берілген. Бұл кісі атауларының кейбірін автор жай ғана ерлердің есімі десе, ал кейбірін хандардың, нағыз батырдың, белгілі ақынның есімі, сондай-ақ күндерге қойылатын атау деп түсінік береді [1, 108].

XIX ғасырдан бастап куман-половец антропонимдерінің этимологиясымен бірқатар түркітанушылар мен шығыстанушылар айналысқан. Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің төркіндерін зерттеумен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған түркітанушы Л.З. Будагов болды. Л. Будагов өзінің «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» дейтін еңбегінде бірқатар куман-половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаған. Ол, половецтердің Айдар есімінің «баланың төбесіндегі бір шөкім шаш» және «хайдар-арыстан» дейтін екі төркінін, сондай-ақ *Алақ*, *Барақ*, *Кобяк-Кобек* есімдерінің төркіндерін берумен шектелген [2, 37].

Половец есімдерінің төркіндерімен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған келесі бір түркітанушы – В.В. Радлов. В. Радлов, өзінің «Опыт словаря тюркских наречий» атты 4 томдық зерттеуінде бірнеше половец есімдерінің төркіндерін берген. Ол половецтердің *Емяк* есімінің төркінін, «мейірбан» мағынасын білдіретін «имак», Кобан есімінің төркінін, шағатай тілінде «ұлы, биік, жеңімпаз, үлкен, денелі» мағыналарын білдіретін «копан» және «батыр» мағынасын білдіретін қабан, Самогур есімінің төркінін «бұлғын» мағынасындағы самгур-самур, Тугортак-Тугоркан есімінің төркінін, тоқылдақ мағынасын білдіретін «тогуртак» атауларымен байланыстырған [3, 159].

В.Радловтың өзі половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаумен тікелей

айналыспаса да оның аталмыш сөздікте берілген түркі сөздерінің төркіндерін басқа түркітанушылар половец есімдерінің төркіндері ретінде берген.

Бұрынғы Кеңес Одағының түркітанушылары мен қыпшақтанушылары орта ғасыр қыпшақтарының ономастикасын, олардың дүниетанымдық көзқарасымен, этнопсихологиясымен, ментальдық ерекшелігімен байланыста қарастырып зерттемеген.

Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің негізінде қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің пайда болғандығын дәлелдеп, көне және ортағасырлық түркі есімдерінің төркіндерін тек лексика-семантикалық талдау арқылы анықтаудың мүмкін еместігіне, есімдердің этимологиясы этногенезбен байланыста қарастырылу қажеттігі туындап отыр.

Тұлғалық жағына адам танымастай болып өзгерген сөздерді тарих қойнауына індетте зерттегенде ежелде қандай түрде болғанын, қазір қандай тұлғада екенін дыбыс сәйкестіктеріне сүйеніп анықтай аламыз. Тіл білімінде фонетикалық құбылыстарды анықтайтын дыбыс сәйкестіктері терминімен қатар дыбыс алмасуы, дыбыстық өзгерістер деген сияқты сөздер де бар [4. 48]

Түркілік қабат антропонимдерінің пайда болу себебін түсіндіру үшін, зерттеуімізге әлеуметтік фактор – половец қоғамын құраған этностар мен басқа да әлеуметтік топтарды қатыстыра отырып, половец есімдерінің басым көпшілігі этнонимдер мен тотем және лақап атаулар негізінде пайда болғандығын дәлелдеу көзделді. Осы әлеуметтік фактор негізінде, половец антропонимдерінің этимологиясын, олардың пайда болу және кейінгі түркілік дәуірде даму ерекшеліктерін дәйектеу келешек көтеген зерттеу жұмыстарына арқау болары анық.

Бабалар тілін зерделеу барысында олардың құрған тұрмысы мен тіршілігінде, тілі мен ділінде ортақтық бар екендігі анықталып жатады. Қ. Мұсаев осыған орай былай дейді: «Когда говорят, что язык представляет собою кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа. Ни фонетика, ни грамматика языка не может показать нам условия жизни народа так полно, как лексика».

Халық ұрпақтан-ұрпаққа қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға ұрпақ өзінен кейінгілерге мұра ретінде қалдырып отырады, сонысымен қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жасайды. Осылайша сабақтастық жалғасып жаңа буын адамзат баласының басынан өткерген тарихынан ең таңдаулыларды өз бойына сіңіреді және ең озық үлгілерін дамыта беруге, қоғамның рухани құндылығының сан тіршілігін жаңа жағдайда байыта түсуге мүмкіндіктер туады. Қандай да бір халықтың қалып-салтын, мінез байлықтарын, салт-дәстүрлерін, эстетикалық талғамын және психологиясын осы халықтың өткен дәуірлердегі хатқа түскен жазба мұралар тілінен танып білуімізден де болады.

Ескі қыпшақ тілі өз дәуірінде түркі бірлестіктерінің қарым-қатынас, ресми іс-қағаздар, халықаралық қатынас тілі ретінде қолданылған және сол кездің өзінде - ақ «қыпшақ тілі» деп танылған, аумақтық таралым өрісі кең, түрлі тарихи - әлеуметтік құбылыстарды басынан өткерген, қазіргі дәуірде өлі тілдер санатына кірген ескі қыпшақ тілі –қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарашай секілді қазіргі күнде қыпшақ тілдері тобына жатқызылып жүрген тілдердің ұлт тілі дәрежесінде қалыптасуына ұйытқы болғандығы белгілі.

Түркітанушы ғалым К.М. Мусаев: «Тілдің, оны ұстанушы халықтың тарихының қоймасы ретінде айтқанда, ең алдымен, тіл лексикасы назарға алынады. Халық өміріндегі барлық өзгерістер ең алдымен осы тіл лексикасында көрініс табады. Халық өмірінің жайын тіл лексикасындай тілдің фонетикасында, грамматикасы да көрсете алмайды. Белгілі бір тілдің лексикасының тарихын зерттеудің ең сенімді жолы лексиканы тақырыптық топтары бойынша қарастыру болып көрінеді. Бұл орайда, зерттеуші өз мақсатын сол халықтың өмір сүрген табиғи ортасын, негізгі кәсібін, шаруашылығының ерекшеліктерін, тұрғын жайын, қоғамдық-саяси құрылысын және көне наным-сенімдерін анықтауға

бағыттауы керек. Өйткені осының бәрі халық өмірінің аталған жағдайларына қатысты заттар мен құбылыстардың атауларында көрініс тапқан» деген пікір білдірген [5, 12].

Қалай дегенде де орта ғасырда қолданыста болған антропонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу әдеби тілдің қалыптасу тарихы, тіл тарихы – тарихи фонетика, тарихи грамматика, тарихи синтаксис, тарихи лексикология салаларының қалыптасуын және дамуын анықтаудың түркология ғылыми үшін де маңызы зор екені аян.

Біздің осы кезеңге дейін Еуразия елдерінде түркологияның жекелеген аспектілеріне қатысты сөз болып жүрген қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша ортағасырлық қыпшақ антропонимдерін салыстырмалы тұрғыдан зерделеу мәселесі қыпшақ тілдеріне қатысты түркі тілдері материалдары негізінде күмәнді болып жүрген антропонимдер өзінің ғылыми анықтамалығын алуы үшін кең көлемде тарихи-салыстырмалы жұмыстар жасуымыз қажет. Туыстас қыпшақ тобындағы тілдердің антропонимдері салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазіргі қыпшақ тілдері, ішінара көне түркі тілдері, қазіргі заманғы түркі тілдері материалдарымен синхронды сипаттау тұрғысында әрі тарихи диахронды бағытта саралау арқылы қарастырған жөн. Солар арқылы және қазіргі түркі филолологиясының соңғы теориялық, әдістемелік жетістіктерін пайдалана отырып, қыпшақ тілдеріне қатысты этимологиялық және этнолингвистикалық сабақтастық мәселелерінің тілдік қатпарлары анықтай аламыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады [241, 24].

Нәтижелер мен талқылау. Жалпы ғылыми нәтижелер салалық, мәселен қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикологиясы, сонымен қатар салааралық, мысалы түркітану мәселелерімен тығыз байланыста қаралғаны дұрыс. Осы сала бойынша жазылған зерттеу жұмысына

сына қосымша болған туыстас қыпшақ тобындағы тілдерден пайдаланған материалдар, салыстырмалы жүйеде жасалынған лингвистикалық түсініктемелер дәстүрлі түркологияның талаптарына сай қарастырылып, сол талаптардың толық орындалуына және осындай жұмыстарға қойылатын қазіргі заман сұраныстары мен талаптарының ескерілуіне байланысты тиынақты түрде зерттелуін талап ету қажет.

Қорытынды. Жалпы бір негізден тараған тілдердің негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауы түрлі ішкі, сыртқы факторларға тәуелді лингвоэволюцияның заңдылығы. Ал қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бір бөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтану үдерісінен кейінде басқа туыстас тілдермен, мәселен, қазіргі оғыз тілдерімен (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары тілдерінің эзірбайжан тілдерімен қарым-қатынасы), бұлғар тілдерімен (татар, башқұрт тілдерінің чуваш тілімен қарым-қатынасы) тілдік қарым-қатынасқа қолайлы географиялық аумақта таралуы, негізін көне қыпшақ тілінен алатын (көне қыпшақ тілінде де оғыздық элементтердің сақталғаны белгілі) қарақалпақ, қазақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі тілдерінің қарлұқ тілдерімен (ұйғыр, өзбек), ноғай тілінің оғыз тілдерімен (чуваш) қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістернегізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы айқындалады, - дейді профессор М. Ескеева [6].

Туыстас түркі халықтарының тарихи даму ерекшеліктерін өз бойында сақтап отырған осындай сөз маржандарын құрылымдық, танымдық жағынан салыстыра зерттеу түркі дүниетанымындағы, мәдениеті мен болмысындағы, рухани әлемін- дегі, тіліндегі түрлі өзгерулердің табиғатын зерделеу, қыпшақ тобындағы туыстас халықтардың тілдеріндегі антропонимдерді сол халықтардың этностық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи даму жолымен байланыста қарастыру барысында жасалған түйіндеулер мен тың тұжырымдарға жетелейтін қорытынды ойлар жинақтағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Ескі қыпшақ тіліндегі лақап атаулар // И.Арабаев атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің Жаршысы. Бішкек, 2010. №3.107-111 бб.
2. Әлімбаев М. Қыпшақ антропонимдерінің грамматикалық ерекшеліктері // Қазақстанның ғылыми әлемі. Шымкент, 2011. №3. 36-38 бб.
3. Әлімбаев М. Шығыс Дешті Қыпшақ антропонимдерінің төркіні // К.Қарасаев атындағы Бішкек Гуманитарлық Университетінің Жаршысы. Бішкек, 2009. №1(14). 159-160 бб.
4. Сабыр М. көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Монография «Liber» баспасы Алматы, 2021
5. Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. Москва. Наука, 1984. 228 с.
6. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. 360 б.

Аннотация: В последние годы этому вопросу уделяется особое внимание и проводится изучение языковых данных древнего наследия и средневековых письменных памятников, имеющих непосредственное отношение к системе исторического становления того или иного языка, по сравнению с повседневно используемыми материалами современных языков. Каждый тюркский язык, распадаясь в отдельности, начал формироваться со своими особенностями, внутренними закономерностями, присущими только ему. Поэтому эти языки, как бы они ни претерпевали изменения, сохраняют в себе элементы древнего языка, свойства языка, послужившие основой для его формирования. В соответствии с этим в нашей статье мы стремимся подчеркнуть связь средневекового письменного наследия с современным казахским языком, который непосредственно относится к истории казахского языка, используя этот метод.

Ключевые слова: история антропонимов, половецкие имена, звуковые совпадения, кыпчакский язык, история

Abstract: in recent years, special attention has been paid to this issue, which is directly related to the system of historical formation of a particular language, the study of the linguistic data of ancient heritage and written monuments of the Middle Ages is carried out in comparison with the everyday materials of modern languages. Each Turkic language, which disintegrated separately, began to be formed with its own peculiarities, internal laws, and unique character-being. Therefore, no matter how these languages undergo changes, they retain the elements of the ancient language, the properties of the language that became the basis for its formation. In accordance with this, we use this method in our article to determine the continuity of medieval written heritage with the modern Kazakh language, which is directly related to the history of the Kazakh language.

Keywords: history of anthroponyms, Polovets names, sound identities, Kipchak language, history of language.